

Тасбөгет кенті көшелеріне жаңадан атау беру туралы

Қызылорда қаласы Тасбөгет кент әкімінің 2010 жылғы 11 мамырдағы N 587 шешімі.
Қызылорда облысының Әділет департаменті Қызылорда қалалық Әділет басқармасында 2010 жылы 11 маусымда N 10-1-143 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңдары, Қызылорда қалалық ономастикалық комиссиясының 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 4/1 ұйғарымы негізінде, **ШЕШЕМІН:**

1. Тасбөгет кентіндегі Қызылжарма көшесін – Ермекбай Ертуғанов есімімен, Сәулетшілер көшесін – Исмайлов Қазыбай есімімен, Қызылжарма тұйығы - Уразбаев Әбіл есімімен қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын қадағалау кент әкімі аппаратының бас маманы А. Т а с п а н о в а ға жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Әкім

Ә. Құтмамбетов